ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН ШЕШІМ

2023 жылғы 28 шілдедегі №2713-23-00-2/1543 Орал қаласы

Батыс Қазақстан облысы мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Журабаев Б.Ш.
азаматық істі оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қарады,

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Батыс Қазақстан облысы Төтенше жағдайлар департаменті» мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«NBO plus» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

«Батыс Қазақстан облысы Төтенше жағдайлар департаменті» мемлекеттік мекемесінің жауапкер «NBO plus» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

«NBO plus» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

«NBO plus» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет пайдасына 1 725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге мемлекеттік баж алымы өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім

шығарған сотқа сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда – сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде апелляциялық тәртіппен тараптар шағым жасауы немесе прокурор наразылық білдіруі мүмкін.

Судья Журабаев Б.Ш.

Құжатқа қол қойылған: Журабаев Б. Ш., 28.07.2023

Заңды күшіне енген күні: 12.09.2023, Судья Бекенов Е. Р., 13.09.2023

2713-23-3-1/1666